



Колледж директоры

Карбозов А.К.

«29» 11 20 23 ж.

ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Колледж білім алушыларының «Білімді ұрпақ, заманауи ұстаз, зияткерлік талап» тақырыбында пәндік олимпиада туралы бұл ереже олимпиаданың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, оның ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін, олимпиаданың қатысушыларын, жауаптыларын, олимпиаданың қорытындыларын шығару және марапатталуын белгілейді.

Олимпиаданың негізгі мақсаты:

- білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін анықтау;

- ғылыми-зерттеу қызметі мүддесіне ынталандыру;

- дарынды білім алушыларға қолдау көрсету үшін қажетті жағдайлар жасау, білім алушылар арасында ғылыми білімді тарату.

Олимпиаданың міндеттері:

-білім алушылардың пәнді тереңдетіп оқуға деген қызығушылықтарын арттыру;

-білім алушылардың қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту;

Білім алушылардың оқу–танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, білім алушыларды аймақтық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, колледждің әдістемелік жоспарына сәйкес, колледжішілік жалпы білім беретін пәндер, арнайы пәндер, қызмет көрсету саласы бойынша пәндік олимпиада 1 курс білім алушылары арасында 11 - 12 желтоқсан айында өткізіледі. 2-3 курс білім алушылары арасында 24 - 25 қаңтар айында өткізіледі. Олимпиада барысында пәндер бойынша 10 тапсырма түрі (тест, әр түрлі тапсырма түрлері, логикалық есептер т.б) қамтылады.

Олимпиада бір кезеңнен тұрады

Кестеге сәйкес

Жауапкершілік

Пәндер бойынша тапсырмаларды, бағалау өлшемдері мен әдістемесін, тапсырмаларды, жауап парақтарын дайындау пән оқытушыларының жауапкершілігінде болады. Олимпиадалар топтар оқитын кабинеттерде, оларды өткізуге бекітілген оқытушылармен өткізіледі, олимпиадаларды өткізуге пән оқытушылары тартылады.

Олимпиаданың жоспар кестесіне сәйкес өткізілуін қадағалау директордың оқу –ісі жөніндегі орынбасары Крыжанова И.В., әдіскер Жиенбаева С.А. жүктеледі.

Олимпиаданың қорытындыларын шығару

Қорытынды олимпиаданың әр кезеңінен кейін шығарылады. Әр пәннен жүлдегерлер анықталады. Әр пән бойынша олимпиада жеңімпазы – ең жоғары балл санын жинаған және жоғары нәтиже көрсеткен қатысушы болып саналады. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері колледж директорының мадақтамасымен марапатталады.